



телеканала «Астана», пиктограммы «Азиады-2011» и др.) в других пластических и изобразительных видах искусства, трансформируясь, перерождаясь, находит свою новую форму, форму национальную с идеей о красоте и мире на земле.

Список использованной литературы:

1. Советский энциклопедический словарь. Москва, 1989 г.
2. Сартқожа Қ. Байырғы тұрғык жазуының генезисі. Астана, 2007г.
2. Н.А. Дмитриева. Краткая история искусства. Москва, 1986г.
3. Самашев З.С. Древности Алматы, 2005г.
4. Искусство стран Востока. Просвещение, 1986г.
5. Шелковый путь. Алматы, 1991г.
6. Энциклопедия Казахского орнамента. Алматы, 2005г.

УДК 528.02:69.032.22

**БИІК ҒИМАРАТТАР ҚҰРЫЛЫСЫН ГЕОДЕЗИЯЛЫҚ  
ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДЕ «ЕРКІН СТАНЦИЯ» ӘДІСІН ҚОЛДАНУ**

**Қарлығаш Боранбайқызы Боргекова**

магистр

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия үттүк университеті

Құрылыштағы қазіргі заманғы қарқын, сәулеттегі өзіндік идеялары инженерлік-геодезиялық қамтамасыз етудің, оның ішінде бөлу жұмыстарының әдістері және тәсілдерімен нығайтылуын қажет етеді.

Құрылыш динамикасы дамуда: Астана, Алматы және басқа да қалаларда биік тұрғын үйлер, күрделі конфигурациялы ғимараттар салынуда. Осыған байланысты ғимараттарды монолитті темірбетоннан салу құрылышы ерекше дамуда.

Қазіргі заманғы құрылыштың негізгі сипаты кешенді көгалдандырылған және сәулеттік көркемдік жағынан аяқталған, тұрғын үй және инженерлік қызметтермен қатар, ішкі құрылымды

жақсартуға бағытталған қызмет көрсету салаларының ғимараттары біріккен біргүлас тұрғын үйлер мен ғимараттар салуға бағытталу.

Айта кететін жайт, тұрғын үйлердің қабаттылығы жоғарылаған сайын құрылыштардың тығыздылығы да артуда. Сондықтан келешекте ірі қалаларда көбінесе көп қабатты тұрғын биік ғимараттар орын алады. Осылардың барлығы құрылыштық-монтаждық өндіріс үрдісіне қазіргі заманға сай әдістерді қарастыруды талап етеді, оның ішінде бөлу жұмыстарына ерекше назар аударған жөн.

Осының барлығы өндірістің құрылыш-монтаждық және геодезиялық, оның ішінде бөлу жұмыстарының үрдісіне қазіргі заманғы тәсілдерді қарастыруды көздейді.

Жалпы айтқанда, түрлі мақсаттағы бөлу жұмыстары инженерлік-геодезиялық жұмыстардың және класына ерекшелеге болады. Бұның барлығы, бөлу жұмыстарының көптігіне қатысты. Қандай да бір құрылыш үрдісі инженерлік-геодезиялық жұмыстарсыз жүзеге асырылмайды.

Геодезиялық жұмыстар құрылыш өндірісіндегі технологиялық үрдістердің ажырамас бөлігі болып табылады.

Геодезиялық жұмыстардың құрамы құрылыш алаңында жүргізілетін үрдістерге тікелей байланысты болады.

Биік ғимараттар құрылыш кезіндегі геодезиялық жұмыстар құрылыш объектілерін орналастыру және тұрғызу кезінде ғимарат құрылымының геометриялық параметрлерінің жобалау құжаттамасы, құрылыш нормалары, ережелер мен мемлекеттік стандарттар талаптарына сәйкестігін қамтамасыз ететін дәлдікпен орындалады. Геодезиялық өлшеулердің қажетті дәлдігін есептеу үшін жобада көрсетілген құрылыштық-монтаждық жұмыстағы қажетті дәлдігінің параметрлері алынады.

Құрылыш объектісін салу кезінде дәлдікті қамтамасыз ететін дәстүрлі әдістер классикалық геодезиялық аспаптарды қолдануға негізделген.

Геодезиялық бөлу жұмыстарын орындау үшін келесі әдістер қолданылады: тікбұрышты және полярлы координаттар, бұрыштық, сзыбықтық көртпе және т.б. айтылған әдістерді таңдау құрылыш түріне, оны салу жағдайларына, бөлу торларының пункттерінің орналасуына, өлшеу құралдарының болуына, бөлу жұмыстарының орындалу кезеңіне және же басқа да факторларға байланысты. Әрине, әр түрлі жағдайларда

бірдей, қолданыста оңай және жоғары дәлдікті қамтамасыз ететін әдісті таңдауға тырысады.

Дегенмен, жоғарыда айтылған геодезиялық қамтамасыз ету әдістері мен құралдары құрылым объектілерін салу кезіндегі кең өріс алған құрылым темпіне, масштабына және де құрылым монтаждық жұмыстардың механизациялануымен автоматтандырылу деңгейін қанағаттандырмайды. Олар құрылыштағы еңбек өнімділігі, құрылым құнының төмендеуі мен салыну мерзімінің қысқаруы, құрылым сапасы, сонымен қатар құрылыштағы қол еңбегінің көлемі сияқты экономикалық көрсеткіштердің өсуіне аз септігін тигізеді.

Айтылған кемшіліктердің барлығы құрылым объектілерін, биік гимараттарды салу кезіндегі геодезиялық қамтамасыз етудің жаңа жоғары тиімді әдістерін жасауға итермелейді.

Құрылым конструкцияларының негізгі осытері мен элементтерін натураға шығару бойынша бөлу жұмыстарын түрлі әдістермен жүргізуге болады.

Құрылым өнеркәсібінің алға жылжуына және жаңа технологиялардың дамуына байланысты қазіргі уақытта құрылым объектілерін түрлі шетел фирмаларының жоғары дәлдікті геодезиялық аспаптары қолданылады.

Осыған байланысты, геодезиялық жұмыстардың тәжірибесінде бөлу жұмыстарының координаталық әдісі қолданысқа ие болды. Қазіргі заманғы аспаптарды және сәйкес бағдарламалық қамтамасыздандыруды қолданып орындалатын бұл әдіс күрделі, тығыз құрылыштанған құрылым аландарында бөлу жұмыстарының басқа әдістерімен салыстырғанда бірнеше жетістіктері бар.

Айта кету керек, қазіргі заманғы конфигурациясы бойынша күрделі, монолиттік темірбетоннан салынып жатқан гимараттар мен кешендер үшін негізгі осытерді шығарумен қатар, барлық бөлу циклдары, оның ішінде құрылым конструкцияларын монтаждау кезінде координаталық әдіс қолданылған жөн.

Бөлу жұмыстарының координаталық әдісі қазіргі заманғы құрылыштың барлық міндеттеріне жауап береді алады. Яғни  $X$ ,  $Y$ ,  $H$  координаталары, объектінің сипатты нүктелері белгілі болғанда бұл әдіс конструкцияны натураға тек оптикалық көру алаңы ғана болғанда да шығара алады. Гарыштық қабылдағыштар болғанда, оптикалық көру алаңының болуы да қажет емес. Бөлу жұмыстарының координаталық әдісін жүзеге асыру үшін қазіргі заманғы аспаптарды қолдану қажет:

электронды теодолит, шағылыстырғышсыз электронды тахеометр, гарыштық қабылдағыштар.

Казіргі заманғы электронды тахеометр көмегімен конструкция осытері мен қажетті нүктелерді шығару міндепті жеңіл шешіледі. Бұл үшін шығарылатын нүктенің тек берілген координата жүйесінде жобалық координаталарын білу керек. Бұл жерде аспаптың орналасуын және оның бағытталуын тауып алу керек. Электронды тахеометрлерде аспаптың орналасуын және оның бағытталуын анықтау міндепті мына функциялардың көмегімен шешіледі:

- кері кертпе;
- белгілі станция;
- станция биіктігі.

Белгілі бір әдісті таңдау құрылыш алаңындағы нақты жағдайға және қойылған міндептерге байланысты.

Күрделі құрылыш жағдайларында түрлі схемаларды, әдістер мен құралдарды қолданып жүргізілген геодезиялық өлшеулердің көптүрлілігі құрылыштағы бөлу жұмыстарына қатысты және осының барлығы жаңа стандарттан тыс шешімдер іздеуге итермелейді.

Құрылыштың түрлі этаптарындағы геодезиялық өлшеулердің көптүрлі схемаларымен дәлдікті бағалау мен бөлу торларының тенестіру, сонымен қатар өлшеулердің шекті дәлдіктері бойынша сұрақтары байланысты.

Бөлу жұмыстарының нәтижелері міндепті турде атқарушы түсірім үрдісінде бақыланады. Сонымен қатар атқарушылық түсірімдер құрылыш объектісі мен оның жекелеген конструктивті элементтерінің нақты жағдайын ғана көрсетпей, барлық құрылыш үрдісінің реттеуеші болуы қажет.

Жоғарыда айтылғанның барлығы бөлу жұмыстарын орындаудың жаңа шешімдерін іздеуді, сонымен қатар бөлу жұмыстарының принципті сұрақтарын жаңаша және өзге теориялық деңгейде шешу қажеттілігін анықтайды. Казіргі уақытта құрылыш объектілерінде электронды тахеометрлердің қолдануына байланысты, бөлу жұмыстарының координаттық әдісі жүзеге асырылады.

Ғимараттардың қазіргі заманғы құрылышында бөлу жұмыстарының координаталық әдістерін қолдану өте тиімді.

Биік ғимараттар құрылышында «еркін станция» әдісі және кеңістік сзыбытық-бұрыштық (векторлық) кертпе бірге жүзеге асырылады. «Еркін станция» әдісі электронды тахеометрді қолданғанда тиімді.

Айтылған әдістің мәні таxеометрдің екі режимде жұмыс істеуінде: бірінші режим – координаталары алдын ала аспаптың электронды жадына сақталған бастапқы пункттерден аспапты бағыттау және қадағалау. Қолденен, вертикаль бұрыштарды және ара қашықтықтарды өлшеуге, сонымен қатар координаталарды есептеуді бақылаумен жүргізгендеге және орны ауысқан бастапқы пункттерді анықтау және қажет жағдайда қадағалаудан алып тастау мүмкіндігі болу үшін өлшеулерді бастапқы төрт пункттерден кем емес орындау қажет. Екінші режим – берілген нүктелердің координаталары анықталатын немесе жобалық координаталары алдын ала аспаптың жадына сақталған нүктелер шығарылатын түсіріс.

Геодезиялық пункттердің, сонымен қатар натураға шығарылатын жобалық нүктелердің сәйкес нөмірлену жүйесінде аспаптың электронды базасы өлшеулер, бастапқы нүктелердің координаталары, алдын ала сақталған бақылау нүктелерінің жобалық координаталары және анықталатын нүктелердің координаталары туралы толық ақпаратты сақтайды. Бұл мәліметтер келешекте жұмыс барысында қолданылады және электронды байланыс құралдары арқылы беріле алады.

Бақылау нүктелерін жобалық орынға шығару кезінде сәйкес бағдарламалық қамтамасыз етілген электронды таxеометр дәл келтіру үшін жүйелі режимде мәлімет береді. Осы кезде дәл келтіруге арналған мәліметтерді объектінің координата жүйесінде, сонымен қатар жобалық жазықтықтар мен беттерге қатысты алуға болады.

Аспаптың геометриялық орталығына қатысты анықталатын нүктелердің  $\Delta x$ ,  $\Delta y$  өсімшелері және  $\Delta h$  биіктіктері мына формула бойынша есептеледі:

$$\begin{aligned}\Delta x &= d \cos \beta \cos \alpha \\ \Delta y &= d \cos \beta \sin \alpha \\ \Delta h &= d \sin \beta\end{aligned}\tag{1}$$

мұндағы,  $d$  – өлшенген еңстік ара қашықтық,  $\alpha$  – дирекциялық бұрыш,  $\beta$  – өлшенген вертикаль бұрыш [1].

Геодезиялық аспапқұрылымының дамуына сәйкес өлшеу үрдістерін автоматтандыруға, геодезиялық тұрғызулады онтайландыруға, өлшеу ақпараттарын жазудың, сақтаудың және математикалық өндеуге берудің қағазсыз тәсілдеріне бағытталған және нақты уақыт режимінде геодезиялық мәліметтерді беру мен

инженерлік-геодезиялық өндіріс технологиясын жетілдіру мүмкіндіктері кеңеюде.

Биік ғимараттарды инженерлік-геодезиялық қамтамасыз етуде тірек және бөлу торларының геодезиялық пункт орталықтарының сақталуы үлкен мәселе болып табылады. Құрылым объектісінен және жер жұмыстары аудандарынан пункт орталықтарының жойылып кетуі құрылышты қамтамасыз етуде оларды қолдануға кындық тудырады.

Биік ғимараттар құрылышында электронды тахеометрді қолданып, «еркін станция» әдісі тиімді болады. Геодезиялық қамтамасыз ету бойынша жазылған арнайы әдебиеттерде бұл әдіс қарастырылмаған. Бірақ «еркін станция» әдісі қазіргі уақытта тәжірибеде геодезиялық қамтамасыз етуде пайдалануға оңтайлы, сондықтан осы мақалада қарастырылады. Бұл әдістің ерекшелігі – аспап өлшеу кезінде бастапқы немесе анықталатын геодезиялық пунктің ортасына қойылмайды, бақылау мен бағыттау үшін, сонымен қатар координата мен биіктіктердің жобалық мәндерін шығарылатын нүктелерге (құрылым конструкция элементтерінің, трасса элементтерінің және т.б. бақылау нүктелері) беру үшін тиімді бір нүктеге қойылады.

«Еркін станция» режиміндегі жұмыс схемасын 1-суретке сәйкес келтірейік. Мұндағы:

*A, B, C, D, ...* – берілген станциядан өлшеу үшін қолжетімді бастапқы пункттер.


*a, b, c, d, ...* – шығарылатын жобалық немесе бағытталған нүктелер.

*МП* – аспаптың шамамен орналасу орны (бастапқы және анықталатын нүктелер көрінетін жер).

Еркін станция режимінде электронды тахеометрмен кеңістік координата жүйесінде (жоспарлық және биіктік торлар біріктірілген – векторлық тор) жұмыс істеуге болады. Өлшеулер қойылған міндеттерге байланысты, шағылыстырғышпен арнайы пленикаға, сонымен қатар шығылыстырғышты қолданбай жүргізіледі.

Аспаптың геометриялық центрінің жоспарлық-биіктік жағдайын анықтау және оны қабылданған координата жүйесінде бағыттау үшін жоспарлық-биіктік координаталары белгілі бастапқы екі пунктке байланады. Екі еністік ара қашықтық, бір горизонталь және екі вертикаль бұрыштар өлшенеді. Қазіргі заманғы шетелдік фирмалар-өндірушілердің тахеометрлері түрлі режимде жұмыс істейтін сәйкес

арнайы енгізілген бағдарламамен қамтамасыздандырылған. Бұл кезеңде «аспапты координаттау» режимінде жұмыс істеу қажет.



Сурет 1 – Еркін станция әдісімен өлшеу схемасы

Егер де қандай да бір себептермен стандартты бағдарламамен қолдану мүмкін болмаса, бұның шешімін табуға болады. Бұл тапсырманың шешімін келтірейік (сурет 2).


Екі  $A$  және  $B$  пункттерінің жоспарлық координаталары мен биіктіктері белгілі:  $X_a, Y_a, H_a, X_b, Y_b, H_b$ .

$S_a, S_b$  еңістік ара қашықтықтар, олардың айырмашылықтары арқылы  $B_{ab}$  горизонталь бұрыштары есептелеңін көлденең бағыттары, сонымен қатар  $\beta_A, \beta_B$  вертикаль бұрыштары өлшенген.

Горизонталь салындыны белгілі формула бойынша есептейді:

$$S_0 = S \cos \beta \quad (2)$$

Кері геодезиялық есептің шешімінен бастапқы пункттер центрлерінің арасындағы горизонталь салындыны және дирекциялық (тура және кері) бұрыштарын есептейді:



Сурет 2 – «Станция координаталарын анықтау» режимінде векторлық кертпе шешімінің формуласын қорытындылау

$$S^0_{ab} = \sqrt{(\Delta x^2 + \Delta y^2)}; \\ \alpha_{ab} = \operatorname{arctg} \left( \frac{\Delta y}{\Delta x} \right); \quad \alpha_{ba} = \alpha_{ab} \pm \pi \quad (3)$$

Дирекциялық бұрыштардың мәнін кері геодезиялық есеп шешімі кезінде қабылданғандай координата өсімшелерінің таңбалары бойынша анықтайды.

Синустар теоремасы бойынша  $A_0B_0C$  үшбұрыш шешімінен төбелері  $A$  және  $B$  болатын олардың горизонталь бұрыштарын есептейді:

$$\sin A_0 = \sin B_{ab} \frac{S_{CA_0}}{S_{A_0A}}, \quad \sin \dot{A}_0 = \sin B_{ab} \frac{S_{CA_0}}{S_{\dot{A}_0\dot{A}_0}} \quad (4)$$

Үшбұрышта бір артық шаманың болуы, үшбұрышта үйлеспеушілікті есептеп, өлшеулер мен есептеулерге бақылау жүргізуге мүмкіндік береді:

$$B_{ab} + A_0 + B_0 - 180^0 = W \quad (5)$$

Өлшентген еңіс қашықтықтар бойынша бағыттардың дирекциялық бұрыштарын есептейді:

$$\alpha_{\dot{A}_0\tilde{N}} = \alpha_{\dot{A}_0A_0} + \dot{A}_0; \quad \alpha_{\dot{A}_0\tilde{N}} = \alpha_{\dot{A}_0A_0} - \dot{A}_0 \quad (6)$$

Кез келген бастапқы нүктелерден аспаптың центріне дейінгі координата өсімшелерін көрі геодезиялық есепті шешу формулалары бойынша есептейді:

$$\Delta x_{AC} = S_{F_0C} \cos \alpha_{AC}; \quad \Delta y_{AC} = S_{F_0C} \sin \alpha_{AC} \quad (7)$$

Аспап центрінің координаталарын есептейді:

$$X_C = X_a + \Delta x_{AC}; \quad Y_C = Y_a + \Delta y_{AC} \quad (8)$$

Горизонталь дөңгелектің бұрыштық шкаласына бағыттаушы ретінде  $CA$  және  $CB$  қабырғаларының дирекциялық бұрыштары алынады.

Аспап центрінің биіктік белгісі тригонометриялық нивелирлеуден алынатын екі алғашқы пункттердің биіктіктері бойынша анықталады.

$$H_C = H_a - S_a \sin \beta_A; \quad H_C = H_b - S_b \sin \beta_A \quad (9)$$

Қазіргі заманғы электронды тахеометрлерде автоматты режимде бұл есептеулер жүргізіледі, сақталады және кейінгі жұмыстарда қолданылады [2].

Тәжірибе көрсеткендей, аспап центрін бұл әдіспен координаттау және бағыттауды үш немесе одан да көп бастапқы пункттерден бастау қажет. Бұл жағдайда аспап тек ізделінді шамаларды ғана емес, сонымен қатар оларды анықтау қателіктерін де береді. Үштен көп бастапқы пункттерді бастапқы пункттер центрінің жоспарлық-білктік жағдайының өзгеруі орын алғанда қолданылады.

Аспапты координаттау мен бағыттау жүргізілгеннен кейін, бөлу торларының центрін координаттауға («түсіріс» режимінде) кіріседі, сонымен қатар бірге мүмкіндігінше құрылым конструкцияларының элементтерін жобалық жағдайға шығаруға болады. Анықталған бір еркін станция арқылы көрінетін нүктелердің кез келген санына координаттау және белу жұмыстарын жүргізуге болады. Нақты жағдайда жұмыс қажеттілігіне байланысты бұндай еркін станциялардың саны кез келген болуы мүмкін. Координаттық анықтаулардың, теңестіру есептеулерінің және өлшеу нәтижелерінің қажетті дәлдігін қамтамасыз ету үшін әр бос станцияда өлшеулерді жабылуармен жүргізеді, бұл ішкі және сыртқы бөлу торларын жасау кезінде маңызды. Аса маңызды конструктивті элементтер нәтиже дәлдігін бағалау және бақылау үшін екі станциядан шығарылу керек.

Анықталатын нүктелердің жоспарлық координата және биіктік белгілерін есептеу кеңістік вектордың параметрлік және полярлы тапсырмаларының байланыс формулалары бойынша жүргізіледі.

Егер жобалық координаталар бойынша бақылау нүктелерін шығару қажет болса, олар алдын ала аспаптың электронды базасына енгізіледі.

Биік гимараттар құрылымы кезінде «еркін станция» әдісі құрылымдық горизонттарда геодезиялық тірек торларын құрғанда, құрылым конструкцияларының элементтерін жобалық жағдайға шығарғанда, атқарушылық түсірісте, мониторингтік геодезиялық қадағалау кезінде тиімді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. В.П. Подшивалов, М.С. Нестеренок. Инженерная геодезия. Учебник. – Минск: Вышэйшая школа, 2011. – 463 с.
2. И.И. Ленов, В.П. Подшивалов. Использование методов нивелирования для оценки ровности дорожных покрытий //Строительная наука и техника. Научно-технический журнал. – Минск, №3(36), 2011. – С. 32-38.